



**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ**

8 қараша 2022 жыл

№: AIFC-C/CFI/2022/0008 ic

«Minerals Operating Ltd.» жеке компаниясы

Талап қоюшы

және

«GEOPS Exploration Kazakhstan Ltd.» жеке компаниясы

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Лорд Фолкс КС

БҰЙРЫҚ

1. Жауапкер, «GEOPS Exploration Kazakhstan Ltd.» жеке компаниясы, Талап қоюшы - «Minerals Operating Ltd.» жеке компаниясына 42 339 332,94 теңге төлеуі тиіс. Осы Бұйрық дереу күшіне енеді.

ШЕШІМ

1. Бұл Талап қоюшы, кейде Minerals Operating аталатын «Minerals Operating Ltd.» жеке компаниясы берген агенттік сыйлықақы өндіріп алу туралы талап. Жауапкер, кейде GEOPS аталатын «GEOPS Exploration Kazakhstan Ltd.» жеке компаниясы болып табылады. Талап Жауапкер мен Қазақалтын арасындағы Кварцит төбелері және Жолымбет кен орындарында бұрғылау жұмыстарын орындау жөнінде шарт жасасудан туындайды. Бұл екі кен орнына қатысты тиісті шарттар 2021 жылғы 9 сәуірде жасалған. Бұл шарттар «Қазақалтынмен келісімдер» деп аталады.
2. Талап қоюшы 2020 жылғы 29 қыркүйектегі «Агенттік шарт» ретінде сипатталатын, Талап қоюшының атынан Әлібек Шакиримов мырза мен Жауапкердің атынан Василий Андреев мырза қол қойған құжатқа сүйенеді. Екеуі де тиісінше орыс және болгар тілдеріне аудармашылар көмегімен көрсетім берді. Олардың екеуі де даудың алдындағы жағдай туралы түсінік алуға Сот үшін пайдалы болғанымен, ешқайсысы да шартты түсіндіруде көмек бола қоюятындай көп көрсетім берген жоқ.
3. Агенттік шарт Үлесті сатып алу-сату шартымен бір уақытта жасалған, ол бойынша Андреев мырза GEOPS-тың жарғылық капиталының 30%-ын сатып алды және ол өзінің куәгерлік көрсетімдерінде айтқанындай, «GEOPS-тың жалғыз қатысушысына» айналды. Бұл екі келісім, ал олар екеу болған, тараптардың арасында GEOPS өзінің Қазақстандағы қызметін кеңейтуге ұмтылған сайын дамып отырған қарым-қатынастардың келесі кезеңінің көрінісі болды. Бұл бірлескен кәсіпорынға өте ұқсас бола бастады, бірақ тараптар әртүрлі жолдармен жүре отырып, араларындағы ынтымақтастықты жалғастыруға уағдаласты, бұл туралы Агенттік шарт куәландырады.
4. Талап қоюшының талабы тура қойылған. Агенттік шартқа сәйкес оның Қазақалтынмен келісімдер құнының 10%-ына құқығы бар екендігі мәлімделеді.
5. Бұл іс бойынша аралық бұйрық шығарылғаннан кейін Қазақалтынмен келісімдер бойынша іс жүзінде төленген соманың дәлелдері берілді, ол 423 393 329,43 теңге құрады, оның ішіндегі агенттік сыйлықақы 42 339 332,94 теңге құраған болар еді. Бұл цифрларды Жауапкер берген. Олар Сотқа осы іс қаралғанға дейін ұсынылған дәлелдерге енгізілген және жауапкершілікке тартуды ескерумен, олардың келісілгенін немесе егер қандай да бір келіспеушіліктер туындаса, олар одан әрі қарайғы даулардың нысанасы болуы мүмкін екенін мен түсінемін.
6. Жауапкерлер талапқа бірнеше тәсілмен жауап берді. Біріншіден, олар Агенттік шартты Негіздік келісім деп атаған дұрысырақ болар еді деп мәлімдеді. Басқаша айтқанда, бұл уағдаластық туралы келісім болған және ол іс жүзінде орындауға жатпайды. Мен келісімнің тиісті талапшарттарын дәлелге аламын. Негізгі тараптардың екеуі де, тиісінше Агент және Принципал атанған Әлібек Шакиримов мырза мен Василий Андреев мырза қол қойған келісім әртүрлі тармақтары бар келісім болып табылады. 1-тармақ «Шарттың нысанасы» деп аталған. 1-тармақтың 1-тармақшасында былай делінген:

«Агент ретінде әрекет етуге және төменде тізілген компаниялармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы басқа да компаниялармен бұрғылау жұмыстарын орындау жөнінде шарт жасасу қызметерін көрсетуге Принципал тапсырма береді, ал Агент міндеттенеді (бұдан әрі - «Тапсырыс беруші»)».

1.1.1 және 1.1.2 тармақтарда, біріншіден, Қазақалтындағы мен бұдан бұрын атап кеткен екі кен орны туралы, ал 1.1.2 тармақта – жан-жағынан алып қарағанда, шарт түрінде іске асырылмағандықтан, мен басқа ештеңе естімеген Бақыршық тау-кен кәсіпорны туралы сөз болып отыр.

7. 1.2 –тармақта келесі көзделген:

«Агент Принципалмен қосалқы келісімшарттар жасасу бойынша шаралар қабылдайды, Принципалға мақсатты тендерлер, коммерциялық ұсыныстар сұрату жолымен, жалғыз көз арқылы сатып алулар бойынша барлық тиісті қажетті ақпарат пен құжаттаманы береді, қажетті түсіндірулерді береді, Принципиалдың Тапсырыс берушілермен тікелей байланыстарын, кездесулері мен келіссөздерін ұйымдастырады және дайындайды; Принципиал мен Тапсырыс берушілер арасында Қызметтер көрсету шарттары мен басқа да шарттарды жасасуға ықпал ететін басқа да қызметтерді көрсетеді.»

8. 1.3 тармақта келесі көзделген:

«Шарттар мен басқа да келісімдер тікелей Принципал мен Тасырыс беруші арасында жасалады. Агенттің қандай да бір келісімшарттарға немесе құжаттарға Принципалдың атынан қол қоюға құқығы жоқ, сонымен қатар кез келген нышанда мәмілелер жасасуға құқығы жоқ».

9. 2-тармақта, оны менің толық жазуымның қажеттігі жоқ, Агенттің міндеттері әдеттегі терминдермен жазылған. Дәл солай, 3-тармақта Принципалдың міндеттері де әдеттегі терминдермен жазылған.

10. 4-тармақтың маңызды мәні бар. 4-тармақ «Агенттік сыйлықақы» деп аталады. 4.1 тармақта келесі көзделген:

«Агенттік қызметтер көрсетілгені үшін Принципал Тапсырыс берушімен әрбір қосалқы мердігерлік шарт жасалған кезде, Принципал Агентке ҚҚС-ты қосқанда, Шарттың жалпы құнының базалық құнының 10 (он) %-ы мөлшерінде сыйлықақы төлейді.»

4.2 тармақ:

«Агент тартқан әрбір жеке Тапсырыс берушімен қарым-қатынастар бөлек келісіммен, агенттік қызметтер көрсетілгені үшін төленетін сыйлықақы көрсетіліп, рәсімделетін болады.»

4.3 тармақ:

«Базалық мөлшерлеме Агент пен Принципал арасында келіссөздер жүргізу мен келісім жасасу жолымен ықтималды жобаның экономикалық мақсаттылығына байланысты өзгертіле алады.»

4.4 тармақ:

«Сыйлықақы Агентке Тапсырыс берушіден жасалған шарт бойынша төлем алынғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінің ішінде төленеді.»

11. Шартты дұрыс ұғынған жағдайда, қалай болуы мүмкін екендігі онсыз да түсінікті болғанымен, маған ол Негіздік келісім емес, Агенттік шарт ретінде дұрыс сипатталған сияқты болып көрінеді. Тараптардың арасында тұрақты қатынастар болатындығы айқын көзделген, олардың бірі Принципал ретінде, ал екіншісі – Агент ретінде болып табылады. Аталған екі мәселеге қатысты, шарт Қазақалтын компаниясымен жасалатыны айқын көзделген және олар Тапсырыс берушілер деп аталған, ал басқа тапсырыс берушілер болуы да, болмауы да мүмкін, бұл қарым-қатынастардың қалай дамитындығына байланысты. Кез келген осындай болашақ шарттар, меніңше, 4-тармақты дұрыс ұғынған жағдайда, бөлек Агенттік шарттармен рәсімделуі тиіс, ал сыйлықақы мөлшері тараптардың арасында келісілуі керек.
12. Агенттік қызметтер үшін 10%-дан аз көлемде мөлшерлеме келісілген Loton жобасының шеңберінде бөлек нақты шарттың болғандығы туралы жалпы позиция бар. Демек, бұл Агенттік шарттың, бұл шартта арнайы түрде келісілмегенімен, ерекшелігі мен талапарттарына сәйкес болды.
13. «Базалық мөлшерлеменің 10%-ы шартқа қандай мақсатпен енгізілді?» - екі тараптың да ойларында дәл осы сұрақ болды. Жауапкерлер шартқа олар мөлшерлеме 10%-дан кем болмауы тиіс дегеннің немесе бұл бастапқы нүкте болды дегеннің негізінде кіргізілгенін немесе ол жерге мөлшерлеме қандай болуы мүмкін екендігін белгілеу үшін ғана қалай да болмасын кіргізілгендігін мәлімдейді. Мен бұл аргументтердің ешқайсысын да көз жеткізерлік деп таппаймын. Егер, шын мәнінде, тараптар уақыт өте келе пайыздық мөлшерлемелер туралы келісімге қол жеткізіледі деп уағдаласса, базалық мөлшерлеменің 10%-ы мөлшерлемесін шартқа не үшін кіргізу керек? Егер агенттік мөлшерлеме жоғары немесе төмен дәрежеде 10%-ға сілтеу жолымен келісілуі тиіс болатын болса, бұл туралы неліктен айтпасқа? Демек, меніңше, шарт қай шамада нақты анықталса немесе клиенттер шартта қай шамада нақты анықталса, 10% да сол шамада шарттың бір бөлігі болған. Бұл басқа клиенттер пайда болған жағдайда, олармен басқа мөлшерлеме келісуге болатын болуы үшін мүмкіндік қалдырады.
14. Өзінің көрсетімдерінде Шакиримов мырза шынтуайтында Қазақалтын кен орындарында бұрғылау жұмыстарын жүргізу жөніндегі шарт туралы Агенттік шарт пен Акционерлік келісім жасалғанға дейін сөз етілгенін мойындады, сондықтан олар Агенттік шартқа енгізілген. Андреев мырза маған GEOPS-тың Қазақалтынмен қарым-қатынастары Агенттік шарт жасалғаннан көп бұрын бар болғанын айтты. Ол Қазақалтынмен келісімдер жасасуға әкелген барлық тиісті кездесулерге Minerals Operating өкілдері емес, GEOPS өкілдері үнемі қатысқанын айтты.
15. Мен сонымен қатар Қазақалтын компаниясында белгілі бір рөл атқаратын екі күенің көрсетімдерін де тыңдадым. Мен Қазақалтынның жұмыскері Мырзақасымов мырзаны тыңдадым. Ол Бас геолог болып табылады. Оның көрсетімдері бойынша, Minerals Operating компаниясы GEOPS пен Қазақалтын арасындағы келіссөздерге бастамашылық еткен. Оның айтуынша, Minerals Operating қажетті ақпарат пен құжаттаманы ұсынған, сол сияқты GEOPS, Андреев мырза және Қазақалтын арасындағы келіссөздерді ұйымдастырған. Мұның бәрі, оның айтуынша, Агенттік шарт жасалғаннан кейін, 2021 жылдың басында, бұл жұмыстарға қатысты Қазақалтынмен шарт түпкілікті жасалған сәтке дейін орын алған.

16. Қайсар Еркебұлан Қайсарұлы мырза да тиісті уақытта Қазақалтын компаниясының жұмыскері болған. Ол Аға геолог болған. Ол маған GEOPS өкілдерімен оның кездесулері болғанын түсіндірді, соның ішінде ол өзі мен Қазақалтынның басқа да жұмыскерлері GEOPS өкілдерімен кездескен 2021 жылғы желтоқсандағы кездесуді атап өтті, бірақ кездесуде Minerals Operating-тен ешкім болмағанын атап өтті. Алайда ол 2020 жылғы мамырда кездесулер болғанын және оған Шакаримов мырза қатысқанын мойындады.
17. Мұндай байланыстың дәрежесі қалай болса да, Қазақалтын, GEOPS және Minerals Operating арасында байланыс болғаны сөзсіз. Жалпы алғанда екі геологтың куәлігі бұрғылау жұмыстарын іс жүзінде жүргізгелі жатқан GEOPS-пен елеулі байланыс бар болғанына қарамастан, Талап қоюшылар елеулі сәттердің бүкілінде Агенттік шартқа сәйкес әрекет еткенін куәландырады.
18. Шакиримов мырза да, бұрғылау жұмыстарын жүргізуді 2020 жылдың мамыр айында-ақ, шынтауайтында, Minerals Operating өзі ұсынғанын түсіндірді. Бірақ GEOPS-тың кеңейтілуі болжанғанына байланысты 2020 жылғы қыркүйекте мәміле жасалып, мен айтып кеткендей, оның нәтижесінде Minerals Operating өздерінің 30% мөлшеріндегі үлесін сатып жіберген. Сонымен бірге Агенттік шарт жасалған. Ол сондай-ақ маған Қазақалтынмен келісімдерге қол қоюға Minerals Operating қатысуы туралы да түсіндірді. Ол GEOPS-тың бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жабдықтары мен тәжірибесі бар болғанын, ал Minerals Operating-тің GEOPS үшін клиенттер іздеу мүмкіндіктеріне ие болғанын түсіндірді. Ол Агенттік шарт жасалғаннан кейін әртүрлі қоңыраулар, соның ішінде конференц-қоңыраулар шалғанын және WhatsApp арқылы хат-хабармен алмасқанын, олардың барысында оның өзі Қазақалтынмен байланыс жасағанын айтты. Саны дәл қанша екеніне ол сенімсіз болды. Шамамен айтқанда, екі немесе үш рет.
19. Талап қоюшы мен Жауапкер арасындағы қарым-қатынас нашарлаған болса керек. Тіпті белгілі бір кезеңде Minerals Operating атынан қорқыту болған және қарым-қатынас нашарлағаннан кейін Minerals Operating өзін Принципиалдың, GEOPS компаниясының мүдделеріне қарама-қайшы бұғылау жұмыстарын орындау қызметтерін жеткізуші ретінде ұсынып, өздерінің Агенттік шартын бұзып әрекет еткен деген де болжам айтылды.
20. Тараптардың арасында Агенттік шарттың қолданылуы аяқталған-аяқталмағаны және оның қолданылуы формалды түрде дәл қашан аяқталғаны жөнінде кейбір келіспеушіліктер туындады. Бір жағынан қарағанда, шарттың ережелеріне сәйкес төлем жасамай, GEOPS агенттік шарттар іс жүзінде бас тартқан және Minerals Operating-тің осы шарттан туындайтын ешқандай әрі қарайғы міндеттемелері болмаған. Бастапқыда Агенттік шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы желтоқсанның аяғына дейін қолдаылатын болып болжанған. Бірақ тараптардың екеуі де Агенттік шарттың қолданылуы жалғасуымен сәйкессіз іс-әрекет жасаған болар. Және мен олардың бір-бірінің алдында ешқандай жалғасып жатқан міндеттемелері жоқ деп санаймын.
21. Қалатын жалғыз сұрақ – ол Қазақалтынмен бұл келісімдерге қатысты шарт бағасының 10%-ына құқықты Талап қоюшының дәлелдеген-дәлелдемегенінде болып табылады. Жауап берушінің Талап қоюшы бұрғылау жұмыстарын орындауда бәсекелесіп, Агенттік шартты бұзып әрекет етті деген мәлімдемесіне жауап ретінде, Талап қоюшы 2021 жылғы желтоқсандағы «LinkedIn»-дегі постыға қатысты бұл Жауапкер өзінің төлем бойынша міндеттемесін орындамағаннан кейін сегіз ай өткен соң орын алды деп мәлімдейді. Мен, бұдан бұрын көрсеткенімдей, егер Жауапкер

төлем жасамай, өзінің міндеттемесін бұзса, бұл постыны орналастыру Агенттік шартты бұзу ретінде қарала алады деп санамаймын.

22. Бұрғылау жұмыстарын орындау жөніндегі шарттарға жалпы немесе бұл жағдайда ерекшелік ретінде геологиялық барлау және/немесе геологиялық қызметтер көрсету кіретіні-кірмейтіні туралы даулар туындады. Жауапкер 2021 жылғы 21 қаңтардағы хатпен Талап қоюшы, бағасын белгілеп, геологиялық барлау беруді ұсынды, Агент ретінде әрекет етпей, Принципалмен бәсекелесіп, бұл іс жүзінде Жауапкер үшін шарттың құнын төмендетті деп мәлімдеді.
23. Мұндай тәсілдеме мен Талап қоюшы тарапынан болған, оларға қатысты ешқандай орынды дәлелдер берілмеген болжалды қорқытулар Жауапкерді Агенттік шартты 2021 жылғы 15 наурыздағы хатпен бұзуға мәжбүр етті. Бұл Жауапкерді Агенттік шарт бойынша комиссиялар төлеу міндеттемесінен босататын әрекетке тең деп мәлімделеді. Талап қоюшының берген жауабы, біріншіден, қандай да бір қорқытулардың болғанын жоққа шығаруда болып табылады және мен олардың болғанын дәлелдемелерден таба алмай отырмын. Екіншіден, түсіндірмеде, олар бір кезеңде геологиялық барлау бойынша көмек ұсынғанымен, шынтуайтында, геологиялық қызметтер көрсету бағаларына қатысты ешқашан ешқандай келісім болған емес. Мұндай мән-жайларда Талап қоюшы мұндай қызметтер ұсынуға іс жүзінде тартылмаған.
24. Менің пікірімше, Талап қоюшылардың қызметтер көрсетуді құр ұсынуы шартты бұзу болып табылмайды. Мен геологиялық жұмыстар бұрғылау жұмыстарын орындау жөніндегі шарттың бір бөлігі ретінде әдетте қаралуы тиістігі-тиіс еместігі туралы мәселені қарау қажет деп санамаймын, өйткені ұыныс іске асырылған жоқ және оның салдары болған жоқ.
25. Бұдан шығатыны, мен Наразылық пен Қарсы талапты қабылдамай тастаймын және Қазақалтын кен орындарына қатысты келісім жасалғаны-жасалмағаны туралы негізгі мәселеге қайта ораламын. Агенттік шарт, менің пікірімше, шынында да жасалған шарт болып табылады. Тараптардың екеуі де оған қолдарын қойған және онда компаниялардың өзара ықпалдасуының келесі кезеңі көрініс тапқан.
26. Мен Жауапкерлер 10% - Талап қоюшының ұсынғаны үшін тым үлкен ақы деп санайды деп болжам айтуға батылым жетіп отыр және де Талап қоюшы Акционерлік келісімнен жақсы қаржылық пайда алғаны аталып өтілді. Бұл дәлел ретінде келтірілді, бірақ, меніңше, шарттың салдарын анықтау үшін мұның мәні жоқ сияқты. Факт тараптардың мәміле жасасқанында болып табылады. Агенттік талаптарда Принципалдың агентке оның шарт жасасуға қосқан үлесі үшін төлем артық жасалды деп санауының әдеттен тыс ештеңесі жоқ. Бірақ кейде агенттер шынында да Принципалдың атынан көп жұмыс атқаратынын, бірақ мүлде шарт жасаспауы мүмкін екенін және бұл жағдайда олар комиссиялық төлемдерге құқық алмайтынын да ұмытпаған жөн.
27. Келісімді менің түсінуімнен және барлық дәлелдерден шығатыны, менің пікірімше, Талап қоюшының Агенттік шартқа сәйкес агенттік сыйлықақыға құқығы бар. Бұл цифр 10% құрайды және мен бұл цифр тараптардың арасында келісілгенін көрсеттім. Талап қоюшының бұл комиссияға құқығы бар екендігі туралы мен әлгінде ғана жасаған қорытындыны ескерумен, осындай мән-жайларда мен Талап қоюшының мәлімделген сомадағы пайдасына шешім шығарамын.



Сот қабылдады,

Судья Лорд Фолкс КС,
АХҚО соты

8 қараша 2022 жыл

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Равиль Кассильгов мырза өкілдік етті, Серіктес, «Тукулов және Кассильгов Литигейшн» ЖШС, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Жауапкердің атынан Гүлнұр Нұркеева ханым өкілдік етті, Серіктес, Grata International заңгерлік компаниясы, Бейжің, Қытай Халық Республикасы.